

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Б.БЕЙСЕНОВ атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

әскери және арнайы – тактикалық даярлық кафедрасы

АТЫС ДАЯРЛЫҒЫ

№13-ККВ-2 жаттығу шарты бойынша 5,6мм спорттық винтовкадан атысты
жүргізу тәртібі мен әдістері тақырыбы бойынша

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Дайындаған :полиция полковнигі
І.Б.Нысанқұлов

Қарағанды қ.2016ж.

Оқу-тәрбиелік мақсаты:

1. Курсанттарға спорттық винтовкадан ату әдістері мен тәртібін үйрету;
2. Курсанттарды спорттық винтовкадан атуға дағдыландыру
3. Курсанттарды қауіпсіздік шарасын қатаң сақтауға тәрбиелеу.

Сабақ түрі: тәжірибелік

Әдісі: әңгіме жүзінде түсіндіру, көрсету, машықтану

Өткізілетін орын: ату тирі

Оқулық сұрақтар:

1. Қаруды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары.
2. Кіші калибрлі винтовкадан ату техникаларының негізі.
 - ККВ-2 жатып ату техникасы
 - атуға дайындалу;
 - көздеу;
 - ағытқыш ілмекті басуда деді басқару;
 - қателерді қалыпқа келтіру жолдары.
 - Шағын калибрлі винтовкадан жатып атуды оқыту әдістемесі.
3. Мегендік винтовкадан ату әдісі.

Материалдық қамтамасыз етілуі:

-Плакаттар, шағын калибрлі винтовканың материалдық бөлігі туралы
Сұлбалар.

-Плакаттар, кең калибрлі қызметтік тапаншалар мен револьверлердің материалдық бөліктері туралы сұлбалар.

-Плакаттар, әртүрлі сипаттағы шағын калибрлі тапаншалардың материалдық бөлігі туралы сұлбалар.

-Оқулық шағын калибрлі ТОЗ-8, ТОЗ-12, МЦ-13-2, «Зенит-3» винтовкалары.

-Шағын калибрлі ИЖ-ХР-30 мен «Марголин» тапаншалары.

-Спорттық шағын калибрлі ұзын патронды ИЖ-ХР-30, «Марголин», «Әртүрлі сипаттағы шағын калибрлі ТОЗ- 35,МЦ-2-3» тапаншаларға арналған плакаттар мен сұлбалар.

-Пневматикалық МЦ-50-2 тапаншасының сұлбасы мен плакаты.

-Қаруларды тазалауға және майлауға қажетті материалдар мен жабдықтар.

-Көрсету арналған таяқ.

-Бор.

-Слайды.

-Эпидиаскоп.

Әдебиеттер:

- 1.1995. 30.08. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 2.«Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014жылғы 23 сәуірдегі N 199-V Заңы.
- 3.“Құқық қорғау қызметі туралы”Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380- IV (ҚР 23.04.2014 N 200-V, ҚР 29.10.2015 № 374-V толықтырулар мен өзгертулер) заңы.
- 4.“Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарында кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығын ұйымдастыру туралы” Қазақстан Республикасы ПМ 2013 жылғы 06 наурыздағы №10 қбпү бұйрығы.
- 5.Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруларын қолдануғы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері мен оларды атыс ережелеріне үйрету әдістемесі. Ақмола, 1998 .
- 6.Нысанқұлов І.Б. «Атыс дайындығы» оқу құралы. Қарағанды,2008
8. Нысанқұлов І.Б. «Атыс даярлығы» оқу құралы. Қарағанды,2012
- 9.С.Н. Солохин Учебное пособие по огневой подготовке. «Огневая подготовка сотрудников ОВД». Алматы 2003г.
- 10.Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруларын қолдануғы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері мен оларды атыс ережелеріне үйрету әдістемесі. Ақмола, 1998.
11. И.А. Дворяка Боевая подготовка работников ОВД. М. 1991.
12. Потапов А. Приемы стрельбы из пистолета. Москва-20056.Болотин Д.Н.Стрелковое оружие.М.1986.?
- 13.Савченко С.С. Учебные стрелковые приборы и пособия.М.Воениздат 1963.
- 14.Юрьев А.А. Пулевая спортивная стрельба.
- 15.Штыкало Ф.Е., Аверин А.И. Учебно-методическое пособие по начальгой военной подготовке.Изд. «Просвещение» 1981.
- 15.Павлов А.В. «Подготовка стрелка-спортсмена» Изд.ДОСААФ 1973.
- 17.Потапов И.Г. «Соревнования по стрельбе» Изд.ДОСААФ 1972.
18. «Стрелковый спорт» правила соревнований.ФиС 1975.
- 19.Корх А.Я. Совершенствование в пулевой стрельбе.
- 20.Вайнштейн Л.М. Психология в пулевой стрельбе.

ӘДІСТЕМЕЛІК-ҰЙЫМДАСТЫРУҒА НҮСҚАУЛАР

Дәл мергендікпен атып тигізу-бұл өнер, мұндай жетістікке жету үшін қажетті түрде қарудың материалдық бөліктерін, ату әдістері мен тәртіптерін оқып білу және де ұдайы жаттығу жасау. Ату дайындығы ҚР ІІМ ЖО орындарындағы тыңдаушылардың атыс дайындығының бөлігі болып саналып, адамдарды тәрбиелеудің жоғары шыдамдылық сапасын, ұстамдылық, қайсарлығы мен тәртіптілігін, сондай-ақ қажетті көзбен өлшеу, сенімділік пен қозғалыс дәлдігін дағдыландыру. Ең алғашқы ату қаруларынан атуды дұрыстап үйретуді қалыптастыру-бұл болашақта үлкен жетістіктерге жете отырып тез арада үйрегушілердің мергендікпен дәл атып тигізуге деген қызығушылығын арттырады.

1. Қаруды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары

Қауіпсіздік, атыс барысында осы Тәлімдемені қатаң сақтаумен, атысты дұрыс ұйымдастырумен, қызметкерлердің жоғарғы тәртіптілігімен қамтамасыз етіледі;

- Әр қызметкер, қаруларды және оқ – дәрілерді пайдалану барысында бекітілген қауіпсіздік шараларын білуі және сөзсіз сақтауы тиіс;
- Қауіпсіздік, атыс өткізу барысында:
өткізілетін іс – шараның дәл және сауатты басқарылуымен, қарудың, оқ қабылдағыштың ақаусыздығымен, жарықтандырумен, күшейту және команда беру құралдарымен қамтамасыз етіледі;
- Оқ атуға рұқсатты тек қана атыс басшысы немесе оның көмекшісі береді. Оқ ату «Ат» немесе «Алға» командасымен жүргізіледі. Атыс «Тоқта», «Тоқта, атуды тоқтат» немесе «Еркінде» командасымен тоқтатылады.
- Шуға қарсы құлаққаппен атысу барысында, қолға қару ұстап тұрып оны киюге, дұрыстауға және шешуге тыйым салынады;
- Атыс және бастапқы шепте, ұялы байланыс құралдары сөндірулі болуы тиіс;
- Бекітпенің еркін барысы қарудан ату кезінде ұстау қол жарақаты мүмкіндігін болдырмайтындай қауіпсіз болуы тиіс;
- Бұрылу, аунау, тоңқалау және секірумен байланысты ату жаттығуларын орындау кезінде қарудың қорғағышы оқ атқан сәтке дейін қосылып тұруы тиіс;
- Қозғалыста ату жаттығуларын орындау кезінде, сондай-ақ шектелмеген уақытта ату кезінде атыстар арасындағы үзілісте қаруды алға (өз алдына) бұру қажет;
- Мынадай жағдайларда барлық атушылар өз еріктерімен немесе атыс басшысының командасымен оқ атуды доғарулары керек:

адамдар, машина немесе жануарлар нысана алаңында пайда болған жағдайда, сондай – ақ ұшатын аппараттардың атыс аумағынан төмен ұшқанда;

командалық пунктте немесе блиндажда (панады) ақ жалау (фонарь) көтерілгенде;

атыстан оқ шыққан жағдайда;

Мыналарға қатаң түрде тыйым салынады:

1. қалыпты атысқа келтірілмеген қарудан атуға;
2. атыс жетекшісінің рұқсатынсыз қаруды қабынан алуға немесе оны кобурадан шығаруға;
3. қару оқтаулы не оқтаулы еместігіне қарамастан, оны адам (адамдар) жаққа немесе оның (олардың) аяқ асты шығатын бағытына бағыттауға;
4. қолдағы қарумен шуға қарсы құлаққапты киюге, ретке келтіруге немесе шешуге;
5. ұңғының нысана бағытына бағыттағанға дейін тежегіш ілмеге саусақ тигізуге;
6. атыс басшысының командасынсыз қаруды жауынгерлік немесе бос патрондармен оқтауға;
7. атыс орнының (полигонның) командалық пунктінде ақ жалау (фонарь) көтерулі тұрған жағдайда атыс жетекшісінің командасынсыз қауіпті бағыттарға оқ атуға және ату жүргізуге;
8. атыс шебінде немесе өзге де орында оқтаулы қаруды қалдыруға, сондай-ақ оны басқа адамға беруге.

2. Кіші калибрлі винтовкадан ату техникаларының негізі

Кіші калибрлі винтовкадан атудың тәсілдері. Кіші калибрлі винтовкадан дәлдеп атуға үйрену үшін ату тәсілдерін орындауға тұрақты дағдыларды жаттықтыру қажет. Винтовкадан ату тәсілдері атысқа оңтайлану, көздеу және шүріппені басудан тұрады.

Атуға оңтайлану. Атуға дұрыс оңтайлану атыс дәлдігіне шешуші әсер ететін винтовканың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Атуға ең ыңғайлы жағдай - жатып ату, өйткені ол атқыш пен винтовканың ең жақсы тұрақтылығын қамтамасыз етеді.


Жатып атуға оңтайлануға ату үшін ыңғайлану, оқтау мен винтовканы орнықтыру енеді.

Жатып атыс жүргізу үшін жағдай. Винтовканы ауыз жағын алға қаратып, оң қолда ұстап тұрып, атқыш оң аяғымен алға және сәл оңға толық адым жасайды. Алға қарай еңкейіп, сол тізесіне тұрады. Сосын, сол қолымен жерге тіреліп, сол аяқтың жамбасы мен сол қолдың білегіне ығысады. Сол бүйіріне жатып, аяқтарының ұштарын сыртқа қаратып аздап алшайтады. Бұл кезде дене корпусы атыс жазығына қатысты 25-30° болатындай етіп жатады. Винтовка құндағымен сол қолдың алақанына салынады.

Кіші калибрлі винтовканың оқталуы оң қолмен жүргізіледі, Бекітпені ашып және артқа қарай жылжытып, патронды бас және сұқ саусақтармен алып, оқтыққа оқты енгізу керек; бас бармақпен патрондағы оқсауыттың шеті ұңғыға тигенінше итеріліп, бекітпе жабылады.

Кіші калибрлі винтовканы орнықтыру үшін сол қолдың шынтағы винтовканың астына келтіріледі, ал білегі винтовканың құндағы саусақтарда

емес, сол қолдың алақанына жататындай етіп алға жіберіледі. Оң қолмен дүм алынады да, иыққа тіреледі. Сосын оң қолмен дүм мойны орап алынып, сүк саусақтың бірінші буыны ағытқыш ілмекті басады да, шынтақ жерге тіреледі. Басы сәл алға еңкейтіліп, оң жақ беті дүмнің жоғарғы бөлігіне тигізіледі (6,7-суреттер).



6-сурет. Жатып атыс жүргізу үшін жағдай



a

б

7-сурет. Жатып атыс дұрыс жағдайы: *a* — алдынан қарағанда; *б* — бүйірінен қарағанда

Атысқа оңтайланып болған соң, орыналасу жағдайының дұрыстығына көз жеткізуі керек. Ол былайша жүргізіледі:

Атқыш винтовканы орнықтыруды аяқтап, көздеуге кіріседі, сосын бірнеше секундқа екі көзін жұмады да, оң не сол көзін ашып (егер атқыш сол қолмен ататын болса), қаруды нысанамен салыстырғанда, қай бағытқа бағытталғанын қарайды.


Егер қарауыл көздеу нүктесінен солға қарай орналасқан болса, онда бүкіл денені сол жақ шынтақты қозғамай, солға бұрады (8-сурет). Егер винтовка оңға қар-ай бағытталған болса да, тура осыны қайталайды. Егер винтовка төмен қарай бағытталған болса, онда дене тұрқын сәл артқа шынтақты орнынан қозғамай шегіндіреді, ал керісінше, егер винтовка жоғары бағытталған болса, онда алға жылжиды.



8-сурет. Дұрыс емес қабылданған жағдайды түзету: *a* — винтовка көздеу нүктесінің сол жағына таман бағытталған - денені солға қарай жылжыту керек; *б* — винтовка көздеу нүктесінен төмен бағытталған - денені артқа қарай беру керек

Тексеру кезінде қарауыл көздеу нүктесінің дәл астында қалатын жағдай дұрыс болып есептеледі.

Жатып ату жағдайында тіреу қолдануға болады. Тіреу ретінде құмы не үгінділері бар қап қолданылады. Тіреуден ату кезінде сол қол саусақтары тіреуге қойылады да, оның үстіне винтовка сағағымен қойылады (9-сурет). Тіреуге қатысты алғанда дене тұрқының дұрыс жағдайына атқыш оны өзіне ыңғайлы және дұрыс қалыпқа келгенше, аз ғана алға не артқа жылжытады.




9-сурет. Тіреуден атыс жүргізу кезіндегі жағдай

Спорттық ату практикасында тіреуден атудың басқа тәсілі де белгілі. Оның алдыңғыдан айырмашылығы — винтовка тіреуге қойылады да, сол қолмен дүм төмен қарата ұсталады.

Көздеу дегеніміз — қарудың ұңғы арнасына нысананы жоюға қажетті бағыт беру деген сөз. Ол көздеуіш пен қарауыл арқылы жүргізіледі.

Ашық көздеуіштен ату кезінде сол жақ көзді қысып, ал оң көзбен көздеуіштің ойығы арқылы қарауылға карап, қарауыл ойықтың ортасында, ал оның төбесі көздеу тақташасы қырының жоғарғы шеттерімен бірдей болатындай етіп бұру керек. Қарауылдың мұндай жағдайы "тегіс қарауыл" деп аталады. Қарауылдың көздеу ойығына дұрыс орналасуына басты назар аудару керек, тек көздеуге түзету енгізу үшін жанарын көздеу нүктесіне кезеңмен ауыстыруға болады.

Диоптриялық көздеуішпен атыс жүргізгенде көздеу едәуір жеңілденеді, өйткені атқыш, қарауылды диоптр ортасына дәлдеп, атыс кезінде тек екі нүктенің — қарауыл ұшы мен көздеу нүктесінің бірігуін бақылауға мүмкіндігі болады (10-сурет).



10-сурет. Дұрыс көздеу: *a* - ашық көздеуішпен атыс жүргізу; *ә* - диоптриялық көздеуішпен атыс жүргізу

Қара шеңберлі ("алмамен") нысанаға атыс жүргізу кезінде көздеуді атқыш көздеу кезінде "алма" (нысана) жартысын және қарауыл ұшын айқын

көретіндей кішігірім жарық сәулесімен жүргізу керек. Жарық сәулесінің көлемі атқыш керуінің ерекшелігіне байланысты, ол әрбір ату кезінде бірдей болуы керек. Үйренуші атқыштардың көздеу кезіндегі орын алатын қателіктері мыналар (11-сурет): ұсақ қарауыл кезінде ойылмалар төменде болады, ірі қарауылда — көздеу нүктесінен жоғары болады. Қарауылды оң жақта немесе сол жақта ұстап тұру (бұл қарауыл кесікке қысылған жаққа қарай нысананың ауытқуына ықпал етеді); винтовканың оң немесе сол жаққа құлауы (бұл кезде ойылмалар винтовканың құлау жағына немесе астында болады).



Тегіс қарауыл



Ұсақ қарауыл



Ірі қарауыл



Қарауыл оң жаққа ұсталынып тұр



Қарауыл сол жаққа ұсталынып тұр

11-сурет. Көздеу кезіндегі ерекше қателіктер



Оқтар нысанаға түседі



Оқтар төмен кетеді



Оқтар жоғары кетеді



Оқтар оң жаққа кетеді



Оқтар сол жаққа кетеді

Дем алу. Атыс дәлдігіне атқыштың дем алуы маңызды әсер етеді. Егер шүріппені басу кезінде дем шығарылса, онда қару көлденең және тік бағытта тербеледі, өйткені дем шығару кезінде төмен түсіріледі, ұңғы жоғары қарата көтеріледі, ал дем алғанда керісінше болады, Бұл жағдайларды болдырмау үшін көздеу және шүріппені басу кезінде дем шығармау керек. Шүріппені басар алдында дем алу, сосын жартылай дем шығару және 7-10 сек. дем шығармай тұру керек. Бұл уақыт дұрыс көздеу мен шүріппені басу үшін жеткілікті.

Шүріппені ағыту үшін сол қолмен винтовка құндағының астынан нық ұстап, ал оң қолмен дүмі жанындағы мойынан ұстап, иыққа қысып, демді ішке тартып, шүріппе ату үшін байқатпай ұрыстық қайырмадан ағытылғанша, яғни атыс болғанша ағытқыш ілмекті жайлап басу керек. Шүріппені ағытқанда тегіс қарауылдың көздеу нүктесі тұсында сәл тербелгеніне мән беруге болмайды. Тегіс қарауылдың көздеу нүктесімен ең жақсы үйлесуі сәтінде ағытқыш ілмекті ақырына дейін басуға тырысқаннан ағытқыш ілмек, әдетте, жүлкі басылады да, атыс дәл болмайды. Егер көздеу

және ағытқыш ілмекті басу кезінде бұдан әрі дем алмай шыдауға болмайтыны сезілсе, қайта дем алып, дем шығарғанда қайта тоқтап, көзді дәлдеп барып ағытқыш ілмекті басу керек.

Атыс дәлдігінің (мергендігінің) негізгі қару тұрақтылығы, дұрыс көздеу мен шүріппені басудан тұрады.

Жақсы да дұрыс көздеп, дем шығармауға болады, бірақ егер ағытқыш ілмекті кілт басып қалса, онда оқ үлкен ауытқумен ұшады, өйткені саусақтың кілт қозғалысы көздеуді бұзады. Сондықтан демді ішке тартып, ағытқыш ілмекті еппен және тегіс басып, сонымен бірге ойықтағы қарауыл мен көздеу нүктесінің дұрыс орналасқанына бақылау жасау керек.

Сұқ саусақты ілмекке оң қолмен қойып, ал саусақ қысымының күші ұңғы арнасы өсінің бойына тегіс бағытталуы керек. Ілмек саусақты дұрыс қоймаса, қысым бұрыш астына бағытталады, бұл винтовканың орнын ауыстырып жіберіп, көздеудің бұзылуына әкеп соғады.

Әдістемелік ұсыным ПӘС мәжілісінде талқыланып мақұлданды.

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2016ж.

ПӘС-ның төрағасы
полиция подполковнигі

С.Ж.Тоқтабеков